

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығы

№3 хаттама

«Маалика» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік жиналысы

16 ақпан 2022 жыл

Қатысушылар: 11

Күн тәртібінде:

1. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық орындалысы
2. Балабақшаның материалды-техникалық жабдықталу қорытындысы
3. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

Бірінші мәселе бойынша медбике топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілерімен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауыма алдым. Тұмау мен суық тиюдің алдын алу шаралары жасалды.

Екінші мәселе бойынша орталықтың шаруашылық меңгерушісі есеп берді. Биылғы жаңа оқу жылына материалдық – техникалық жабдықтауға бөлінген қаржы толығымен игерілді.

Балалардың тамақтанатын ыдыстарын ауыстырылды, асхана техникалары жаңартылды, жаңа оқу құралдары сатып алынды. Балаларға жаңа төсектермен ойыншықтар, төсек жабдықтары алынды.

Үшінші мәселе бойынша орталық меңгерушісі К.Джаксибаева ҚР Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі. Ережеге сәйкес бес күндік, сондай-ақ алты күндік жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептеу белгіленген қосымша ақылар мен үстемеақылар, сыйақылар және еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру төлемдері ескеріле отырып, тиісті кезеңдегі орташа күндік есебінен нақты жұмыс істелген уақыт үшін жүргізіледі.

Сонымен орталық қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілді, жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

16 ақпан 2022 жылғы өндірістік жиналысының шешімі:

1. Санитарлық- гигиеналық талаптарға сәйкес жоспарды орындау.
Балалардың денсаулығын нығайту шараларын қолға алу;

2. Мүліктер тізімін жасап, балалардың жаңа төсектерімен, жабдықтарына белгі жасау;
3. Белгіленген кесте бойынша қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу;

Орталық меңгерушісі



К.Джаксибаева